

«Мевлана» академиялық ұтқырлық бағдарламасы

«Мевлана» академиялық ұтқырлық бағдарламасы – Түркия Жоғары Білім Кеңесінің ішінара қаржыландыруымен Satbayev University және серіктес түрік университеттері арасында (нақты бағыттар бойынша) студенттер мен профессор-оқытушылық құраммен алмасу бағдарламасы болып табылады. Аталған бағдарлама бойынша студенттер Түркияның университеттерінің бірінде бір немесе екі семестр бойы оқуға, оқытушылар екі аптадан үш айға дейін дәріс оқуға мүмкіндік алады. «Мевлана» академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатысуға конкурс туралы хабарландыру институттардың директорлары мен кафедра меңгерушілеріне ақпаратты тарату мақсатында хабарландырылады, сондай-ақ SU ресми сайтында (сондай-ақ Instagram @satbayev.university, @satbayev.international.office сияқты әлеуметтік желілерде) орналастырылады.

Бағдарламаға қатысу үшін қойылатын талаптар:

Білім алушыларға (бакалавр студенттері, магистранттар, докторанттар)

- ҚР азаматы паспортының көшірмесі (болмаған жағдайда - жеке куәлігінің көшірмесі);
- «Мевлана» академиялық ұтқырлық бағдарламасы бұдан бұрын қатыспаған;
- Ағылшын немесе түрік тілдерін жақсы меңгеру (шет тілін меңгеру деңгейін растайтын сертификат);
- GPA орташа балы: бакалавр студенттеріне – 2,5 кем емес; магистранттар мен докторанттарға 3,0 кем емес.

Оқытушыларға

- ҚР азаматы паспортының көшірмесі (болмаған жағдайда - жеке куәлігінің көшірмесі);
- «Мевлана» академиялық ұтқырлық бағдарламасы бұдан бұрын қатыспаған;
- Ағылшын немесе түрік тілдерін жақсы меңгеру (шет тілін меңгеру деңгейін растайтын сертификат);
- Резюме, жарияланымдар тізімі, лекциялар/семинарлар жоспары;
- Аптасына кемінде 6 сағат дәріс оқу;

Қаржыландыру

Білім алушыларға

Студенттер оқуға ақы төлемейді және "Мевлана" академиялық ұтқырлық бағдарламасы шеңберінде қабылдаушы университеттің пайдасына ешқандай қосымша шығындарды көтермейді, алайда жіберуші университетке оқу ақысын міндетті түрде жалғастырады (егер олар ақылы бөлімнің студенттері болса). Бағдарлама студенттерді тегін білім алу және әр ай сайынғы 1200-1300 түрік лирасы көлеміндегі шәкіртақымен қамтамасыз етеді. Шәкіртақы білім алушының қабылдаушы университетке келген уақытынан бастап ай сайын 4 ай көлемінде беріледі.

Оқытушыларға

"Мевлана" академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында оқытушылар тәуліктік шығындарын қамтамасыз ету үшін 45-55 түрік лирасы көлемінде қаржы бөлінеді. Сондай-ақ 3000-3500 түрік лирасы мөлшерінде көлік шығыстарын жабу көзделген.